



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

10.06.2022 № 315

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті
«Резерв» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының жарғысына өзгеріс енгізу туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің 2022 жылғы 7 маусымдағы № 20-6-10/433И ұсынымы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2019 жылғы 14 тамыздағы № 875 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті «Резерв» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) жарғысына қоса беріліп отырған өзгеріс бекітілсін.

2. Кәсіпорын заңнамада белгіленген тәртіппен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын жарғыға енгізілген өзгеріс туралы хабардар етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



Б. Тәшенов

003389



Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті
Төрағасының

2022 жылғы « 10 » тамыздағы
№ 315 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті «Резерв» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысына өзгеріс

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2019 жылғы 14 тамыздағы № 875 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті «Резерв» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғысының 14-тармағының б) тармақшасы алып тасталсын.

Бас директор _____

Қ. Бишімов